

## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 664	▲ 0,49%	▲ 13,6%
NASDAQ	22 631	▲ 0,72%	▲ 17,4%
DJIA	46 315	▲ 0,37%	▲ 9,3%
CBOE Volatility Index (VIX)	15	▼ -1,59%	▼ -13,8%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 217	▼ -0,12%	▲ 11,6%
DAX	2 003	▼ -0,30%	▲ 17,4%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	26 545	▲ 0,00%	▲ 35,3%
Nikkei 225	45 046	▼ -0,57%	▲ 12,9%
Shanghai SE	3 820	▼ -0,30%	▲ 17,1%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 094	▼ -0,86%	▲ 24,9%

### Лидеры роста и падения S&P 500



Жұма күні қор нарықтары сауда сессиясын өсіммен жапты: S&P 500 0,49% өсіп, \$6 664,36 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,72% көтеріліп, \$22 631,48 болды; DJI 0,37% қымбаттап, \$46 315,27 құрады. S&P 500 индексінің 11 секторынан 8-і сауда барысында төмендеді. Негізгі аутсайдерлер Energy (-1,5%), Health Care (-0,6%) және Consumer Discretionary (-0,6%) секторлары болды. Өсім Utilities (+0,6%) және Communication Services (+0,6%), Information Technology (+0,3%) секторларында байқалды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	9 770 223 337 654	▲ 0,6%	▲ 5,5%	▲ 32,1%
Consumer Discretionary	6 545 727 424 464	▼ 0,6%	▼ 1,1%	▲ 15,3%
Consumer Staples	3 290 619 157 511	▼ 0,4%	▼ 6,0%	▼ 9,1%
Energy	1 197 172 381 535	▼ 1,5%	▲ 0,6%	▲ 2,3%
Financials	8 523 784 822 387	▲ 0,0%	▼ 0,5%	▲ 20,7%
Industrials	4 763 889 205 944	▲ 0,2%	▼ 1,3%	▲ 11,9%
Information Technology	19 131 232 102 838	▲ 0,3%	▲ 6,5%	▲ 30,6%
Materials	1 041 364 730 380	▼ 0,3%	▼ 2,5%	▼ 6,5%
Real Estate	1 064 678 051 802	▼ 0,4%	▼ 0,9%	▼ 7,2%
Utilities	1 303 282 302 438	▲ 0,6%	▼ 1,6%	▲ 13,0%
Health Care	5 133 272 299 065	▼ 0,6%	▼ 2,6%	▼ 9,1%

Жұма күні әлемдік қор нарықтары құбылмалы жағдайда қозғалды, бірақ соған қарамастан аптаны өсіммен жабу мүмкіндігін сақтап қалды. Инвесторлардың оптимизміне ірі орталық банктердің бірқатар шешімдерінен кейін Уолл-стриттегі позитивті көңіл-күй әсер етті.

Farr, Miller & Washington компаниясының бас директоры Майкл Фаррдың айтуынша, соңғы апталарда инвесторлардың назары толығымен ФРЖ отырысына бағытталды. Кездесудің қорытындысы екіұшты болды: бір жағынан, регулятор мөлшерлемелерді төмендетудің айқын траекториясын күткен үмітті ақтамады, ал екінші жағынан — нарық жалпы қанағаттанарлық деп қабылдаған белгілі бір сигналдар берді.

ФРЖ әрбір отырысқа кезек-кезеңімен, түсіп жатқан экономикалық деректерге сүйене отырып қарайтынын атап өтті. Мұндай сақтық танытқан реңк пен АҚШ орталық банкінің ішіндегі пікір алшақтығы саясатты тез арада жұмсарту мен қор нарығының жедел өсуін күткен кейбір инвесторларды көңілсіз қалдырды.

Ақша-несие саясаты саласындағы белгісіздік аясында назар геосаясатқа ауысты. Үш айдағы алғашқы телефон әңгімесінен кейін АҚШ президенті Дональд Трамп ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен TikTok мәселесіне қатысты келіссөздерде ілгерілеу бар екенін хабарлады. Екі елдің көшбасшылары алты аптадан кейін Оңтүстік Кореяда кездесіп, тек қосымшаның тағдырын ғана емес, сауда қатынастарын, заңсыз есірткі айналымы мәселесін және Ресейдің Украинадағы соғысын талқылауға уағдаласты.

Нарыққа қысым көрсеткен қосымша фактор АҚШ Конгресіндегі бюджет мәселелері бойынша келіспеушіліктер болды. Жұма күні Сенат өкілдер палатасы бұрын қабылдаған үкіметті қысқа мерзімді қаржыландыру туралы заң жобасын бөген тастады. Бұл шешім 1 қазаннан бастап федералды мекемелердің жұмысының тоқтап қалу қаупін арттырды.

Корпоративтік деңгейде кейбір компаниялар сыртқы тәуекелдерге төзімділігін көрсетті. FedEx акциялары 2,3% қымбаттады, себебі компания жариялаған тоқсандық есеп аналитиктердің болжамынан асып түсті. Өсімге шығындарды қысқарту мен ішкі жеткізілімдердің күшеюі ықпал етіп, әлсіздеу халықаралық көлемдерді өтеп берді.


KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	359	▼ 4%	▲ 31,1%
Банк ЦентрКредит	5 020	▼ 1%	▲ 119,0%
Kcell	3 348	0%	▼ 0,9%
Казатомпром	27 100	▼ 2%	▲ 32,5%
КазТрансОйл	819	0%	▼ 0,5%
КЕГӨК	1 456	0%	▼ 4,3%
Kaspi.kz	49 298	0%	▼ 10,1%
КазМунайГаз	21 850	▲ 1%	▲ 49,4%
Эйр Астана	761	▼ 1%	▼ 33,4%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	540,80	▲ 0,05%	▲ 3,1%
RUB/KZT	6,40	▲ 0,00%	▲ 31,5%
CNY/RUB	11,46	▼ -0,89%	▼ 18,1%
EUR/USD	1,1744	▼ -0,36%	▲ 14,4%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



---

## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.